

(Басы 1-бетте)

Қазақ тілінің жағдайы туралы айтқанда, мемлекетіміздің негізін қалаған, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айырықша еңбегін атап өтуге тиіспіз. Ол елімізде мемлекет құраушы ұлттың саны едәуір аз болғанына қарамастан Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялады. Сондай аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ықпалымен Парламент қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады.

Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін. Бұған Украинаны мысалға келтірсек те жеткілікті деп ойлаймын. Мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшпен кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соңы ұлтаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрғыда геосаяси жағдайды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Әсіресе Ресеймен арадағы шекарамыздың әлемдегі ең ұзын шекара екенін де есте естен шығармаған жөн. География – геосаясаттың маңызды факторының бірі.

Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қояу керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ын-шынсыз, айқайламай, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінезіне салып, ұрандатып-шұлаптай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік органдарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясиландырмай, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптады. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.


Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жана дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек. Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды ансамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шынайы бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрлімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл хал туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсіней, таңданыспен қарады. Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тыңдиратын шақ. Біздің болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшіл ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек?

**Біріншіден,** қазақ тілінде сөйлеу мақтанш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттыруға жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихатында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында – анахронизмге айналуда тиіс.

**Екіншіден,** біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің денгейін ұлтаралық қолдану дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

**Үшіншіден,** қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

**Төртіншіден,** телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуда тиіс. Арзан ойын-күлден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды молайту қажет. Меніңше, Орталық Азиядағы



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА

(Мемлекет басшысының республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы берген сұхбаты)

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сөзге біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек.

Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құндылықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұлғаларымыз қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл-кеңес түсінігі ерекше маңызды болмақ.

Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адамға қасиеттерге қажеттілік болма ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтпайды.

Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.

көшілеріміздің тәжірибесі бізге пайдалы әрі үлгі боларлықтай. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияны да алау орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек. Қырғыз киногерлері «Құрманжан датқа» деген мәнді, мағыналы, көз қуантап, көңіл толатын фильм түсірді. Соған бар-жоғы 1,5 миллион доллар жұмсаған. Ал біздің кинематографистер бұдан әлдеқайда көп сұрайды. Ал түсірген дүниелерінің сапасы орайым көңілден шыға бермейді. Өкінішке қарай, бүгінде біздің киногерлер де аузыбіршілік таныта алмай отыр. Бұл – шығармашылықты тұлалататын жағдай.

Әрине, ауызды ку шөппен сүрте беруге болмайды. Мені еліміздегі блогосфераның қазақ тіліне қарай ыңғайланып келе жатқаны қуантады. Дәй тұрғанмен, біз әсіресе ұлттық пен радикализмге бой алдырмауымыз қажет. Сондай-ақ қазақ тілін дамытамыз деп орыс тілінің мәртебесін шектемеуіміз керек. Жоғарыда айтқанымдай, тіл мәселесінің астарында үлкен саясат бар. Сондықтан бұл тұрғыда асығыстық пен жалаң ұрандату мемлекеттімізге кесірін тигізуі мүмкін. Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарында нақты ғылымдарды орыс тілінде оқыта берген жөн. Осы ретте бізге Малайзияның тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл ел алғашқыда ағылшын тілінен бас тартып, кейіннен ойлана келе, оны жоғары оқу орындарында және дипломатиялық қарым-қатынастың құралы ретінде қалдырды. Біздің өскелең ұрпақ қазақ тілімен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек.

Бұл – уақыт талабы. Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне

басымдық берілгені дұрыс. Орыс тілін де оқыту керек. Ал ағылшын тілін 5-6 сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына енгізген абзал.

Қазір демографиялық ахуалдың өзі қазақ тілінің ұпайын түгендеу бағытына қарай дамып келеді. Яғни біз алға қойған мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мұндай астары қалың, ел тағдырын шешетін іргелі істе асығыстыққа жол бермеу керек. Қайта әрбір әрекетімізді ақылға салып, мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті барынша сезіне отырып жұмыс істегеніміз дұрыс. Осындай өркеніетті қадамдардың нәтижесінде ғана қазақ тілі ғылым тіліне айналады.

– «Еңбекпен тапқан нан тәтті» дейтін ата-бабамыздан келе жатқан тәмсіл бар. Күні кешегі үлкендердің әңгімесінен де еңбекке, еңбек адамына деген ерекше құрметті байқайтынбыз. Қазір елдің еңбекке етене араласуы үшін Сіздің тапсырмаңызбен Үкімет бірқатар бағдарламаларды қолға алып, лайықты деңгейде жүзеге асырып отыр. Ел мен жерді еңбекпен көркейту үшін қандай жана қадамдар мен жобалар жасалуы керек?

– Әлем жұртшылығы қазақ халқын көңілді дарқан, ғаламдық құбылыстарды өзінің қалыптасқан философиялық көзқарасы арқылы қабылдай алатын ұлт ретінде танып, біледі. Шыдамдылық пен жанашырлық – қанымызда бар қасиет. Осынау Ұлы далаға ең алғаш табаны тиген саяхатшылар алдымен біздің осы ерекшеліктерімізді баса айтқан. Сонымен қатар біз Абайдың өшпес туындысы – «Қара сөздерде» айтылған өз кемшіліктерімізді де жақсы білеміз. Айтпақшы, осы арада Мұрат Әуезовтің «Қара сөздерге» «Ғажият» деген екінші атау берейік деген ұсынысын қолдайтынмыз айта кетейін.

Өкінішке қарай, кейбір жағдайда біздің еңбекке байланысты қарым-қатынасымызға сыни көзқараспен қарайтын аз емес. Бұл жағдай менің көңіліме қаяу салады. Біз қоғамның еңбеккерлерге деген көзқарасын түпкілікті өзгертуіміз керек. Әрбір еңбек құрметке лайық болуы қажет. Сондықтан мен «Халық алғысы» деген мемлекеттік награда тағайындалым. Ал еңбектегі табысы үшін берілетін «Еңбек Даңқы» орденінің мәртебесін көтеру жөнінде шешім қабылдандым.

Былтыр Ақордаға мекемелер мен ауылдарға қарапайым жұмысшыларды арнайы шақырып, марапатталды.

Қажет. Сол арқылы өскелең ұрпақ қоғамның құрметіне бөлену үшін жоғары мемлекеттік лауазымдарды иеленбей-ақ, өз ісін тыңғылықты, мұқият атқарса жеткілікті екенін түсінуге тиіс. Үкімет менің тапсырма бойынша Жұмыспен қамтудың жол картасын әзірледі. Оны іске асыру үшін шамамен 1 триллион теңгеге дейін қаржы жұмсалды. Жақында мен Үкіметтің уақытша жұмыс орындарын ашуға ғана әуес болып, тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашуды назардан шығарып алғанын сынға алдым. Бүгінде біздің елде 2 миллионға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Жұмыссыздар саны да көп.

Бұл – өте күрделі әлеуметтік мәселе. Оны шұғыл шешпесе болмайды. Еңбекке баулу идеологиясы атакты ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында барынша көрініс тауып, алдыңғы қатарда насихатталуы керек деп санаймын. Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әңдетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтқып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арлуы керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлмермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той құалайтын емес, ой құалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

– Қазір әлем өзгерген. Қалай болғанда да жаһандандудың көшінен қалып, есік-тереземізді қымтап жауып тастап отыра алмаймыз. Есік-тереземізді тас бүркеп, шекарамызды шегейдеп, қақпамызға сом темір іліп қоятын тас дәуірі емес. Бармасақ, келмесек – ел жарылады, алмасақ, бермесек – дем тарылады.

Мемлекетаралық жағдайды жақсы білетін маман ретінде әлемдік ұлттар мозаикасына өз рөлімізбен, қазақы болмыс-табиғатымызбен қосылу үшін қандай қадамдар жасау керектігін нақтылап түсіндіріп берсеңіз...

– Шынында да, әлем өзгерді. Мызғымастай көрінген жаһанданду үрдісі пандемияның әсерінен кідіріп кетті. Мемлекеттер өзін-өзі оқшаулауға, «өркім өз күнін өзі көрсін» қағидатына баса мән бере бастады. Халықаралық қатынастарда ұлтшылдыққа бет бұру үрдісі артып келе жатқаны байқалады. Мен мұны 2008 жылы ертерек болжап айттым. Бірақ ол кезде менің тұжырымды саясаткерлер мен ғалымдар қолдамады. Тіпті коронавируска қарсы вакцина әзірлеу ісі де халықаралық ынтымақтастықтан тыс, «өркім өзі үшін» қағидаты бойынша жүзеге асырылуда.

Әлемде өзге баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің атына заты сай

ескіжақты келісімнің болмауы қандай ауыр әрі ауқымды зардаптар мен қайшылықтарға әкелетінін көзіміз көріп отыр. Алыстан да, жақыннан да мысалдар аз емес.

Қазақстанның халықаралық дипломатияда бейбіт әлем туралы әрдайым өзіндік түсінігі, өзіне тән ерекшелігі болды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев көпвекторлы, теңгерімді сыртқы саясатта Ресеймен стратегиялық серіктестікті, ынтымақтастықты нығайтуға және өңірлік интеграцияға баса мән берді. Бұл – дұрыс таңдау болды. Дегенмен, әлемдегі ахуал бір орнында тұрмайды, алпауыт мемлекеттердің геосаяси мақсаты өзгеруде. Осындай жағдайда Қазақстан бірінші кезекте өзінің ұлттық мүддесін қорғауға міндетті. Сондықтан мен Еуразиялық экономикалық одақтың биылғы 19 мамырда өткен саммитінде интеграцияны Қазақстанның егемендігіне нұқсан келмейтін жағдайда ғана қолдайтынмызды ашық айттым.

– Қоғамдық тәртіп мәселесі туралы сауалды да айналып өтпейміз. «Жұдырық бетке тигенге дейін» демократия сақталатыны белгілі. Бейбіт шерулерге шығатын азаматтардың жеке бас қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтауы қалай реттеледі?

– Бейбіт жиындар мен ми-

бірегей халықаралық ұйым ретінде пандемия кезінде аса белсенділік таныта қойады. Ірі державалар арасында текетірес күшейіп келеді. Аймақтардағы қақтығыстар шиеленісе түсті. Бұл – өңірлік мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін қолайсыз үрдіс.

Біздің экономикамыз санкциялық соғыстар мен саяси текетірістерден шығынға ұшырауда. Еліміз өзінің бейбітсүйгіштігі мен өңірлік қауіпсіздікке сындалуы ұлес қосуға әзірлігін тұрақты түрде көрсетіп келеді. Ел-басымыз ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы әрі жаппай қарусыздану саясатының нағыз жақтаушысы ретінде бүкіл әлемге танылды.

Тәуелсіздік жылдары бұл бағытты нығайту үшін көп жұмыс атқарылды. Ең бастысы – мемлекеттік шекарамыздың беріктігі! Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы шекарасының заңды түрде рәсімделіп, белгіленуінің, шын мәнінде, тарихи да, саяси да мәні зор. Шекара мәселесінде құжатты түрде

тингтерге қатысу – Қазақстан азаматтарының конституциялық құқығы. Ата заңымыздың кепілі ретінде азаматтардың құқығын толық қамтамасыз ету – менің міндетім. Бұл жөнінде былтырғы Жолдауымда айттым.

Парламент «Бейбіт жиындар туралы» жаңа заң қабылдады. Қоғамдық сараптамалар өткен аталған заң – менің ойымша, еліміздегі демократияны ілгерілету үшін жасалған маңызды қадам. Енді бейбіт жиындарды өткізу үшін рұқсат сұрамай-ақ, бес күн бұрын жергілікті билікке ескертсе жеткілікті. Осындай жиындарды өткізу үшін бірқатар арнайы орындар бөлінді. Митинг ұйымдастырушылардан қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзбау талап етілді. Сондай-ақ олар Конституцияға қайшы келетін үндеулермен шықпауы, ұлтаралық және әлеуметтік алауыздық туғызбауы қажет. Бұл – қалыптасқан жағдай. Әсіресе АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде болған соңғы оқиғаларды ескеру керек.

Халықаралық құқық қорғау

Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төреғелді Шармановқа шынайы ризашылығымыз білдіреміз. Сондай-ақ біздің белгілі ақын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.



ұйымдарынан грант алатын кейбір азаматтарымыз қабылданған заңды негізсіз сынайды. Олардың пікірінше, Қазақстанда «Митингке қашан шығамын? Кіммен шығамын және қай жерде өткіземін? Яғни өзін білем» деген жүгенсіздік қағидаты болуы керек екен. Әсіресе солардың митингке шетел азаматтары мен кәметке толмаған балалардың қатысуын талап етуін шектен шыққандық деп санаймын. Олардың ойы белгілі. Ондай адамдарға тыныштық пен тұрақтылық қажет емес. Ал біз қарқынды дамыған, татулығы жарасқан Тәуелсіз Қазақстанды сақтауымыз керек. Халық ең алдымен ел іргесінің беріктігін терең жауапкершілікпен сезінуі керек. Сонымен қатар мемлекет өз азаматтарының заңды талаптарына құлақ асуға, қаржылық және құқықтық мүмкіндіктер аясында оларға жәрдем беруге міндетті.

Жастар үшін әлеуметтік лифт орнықтыру керек. Мемлекеттік басқару ісіндегі және идеология саласындағы қателіктерді дер кезінде түзеткен жөн. Егер жұмыс осылай жүретін болса, сөзсіз әділдік орнайды. Мен мұны сайлау алдындағы бағдарламада айтқан болатынымын. Сонда митингтің де қажеті болмай қалады.

зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шапнайы ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ біздің белгілі акын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

Қазір бүкіл дүниежүзі пандемия салдарымен күресіп жатыр. Әлемдік экономика көз алдымызда құлдырап, жұрттың өмір сүру салты өзгерді және осы үрдістер күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды. Міне, осындай кезде жас ұрпаққа беделді ақыл-ой иелерінің парасатты пікірі ауадай қажет.

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның та-

– Күрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Ел басқару аса зор жауапкершілік жүктейді. Бір жыл – көп уақыт емес. Десек те, осы кезеге саяси сараптама жасаған белгілі саясаттанушы Нұрлан Сейділ мырза Сіз басқарған мерзім жөнінде «Сенім мен сынаққа толы жыл болды» деп тұжырымдапты. Осы орайда көш бастаған тұлға ретінде елдің болашаққа деген сенім-жігеріне қандай баға берер едіңіз?

– Баршаныңа мәлім, Қазақстан Президенті қызметін атқарған бір жыл ондай болған жоқ. Аталған мерзімді аса күрделі сынақтарды өткізген жыл деп айтуға болады. Дегенмен, мен халықтың қолдауын әрдайым сезіндім. Бұл маған күш-жігер беріп, мемлекет басқару ісін табысты жүргізуіме ықпал етті. Жыл бойы саяси және экономикалық салалар бойынша

**«** Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

# ТАҒДЫРЫ ТҮР



Соңғы кездері елімізде «митинг-шілдік» белең алуда. Көбінесе азаматтарымыз сырттағы біреулердің арандатушылық ұрандарына еріп жүр. Бұл – аймақтық бәсекелестік күшейіп келе жатқан халықаралық аренада Қазақстанды ыңғайсыз жағдайға қалдырып отыр.

Қазақстан мен Өзбекстан – Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттер. Екі ел арасында кең ауқымды ынтымақтастық артып келеді. Бұл жерде экономикалық бәсекелестіктің де болатынын жокқа шығармаймыз. Осы жағдайларды әрқашан есте ұстау керек. Қазақстан өзінің көшбасшылық позициясын сақтап қалуға міндетті. Ол үшін елімізде тұрақтылық болуға тиіс. Егер ішкі мәдениетімізге салсақ, ол тұрақтылықты күшті құрылымдар емес, бірінші кезекте халықтың өзі қамтамасыз етуі қажет.

– Пандемия болсын, басқа да жағдайлар болсын, ел ең алдымен зиянды сөзіне құлақ асып, ойын білгісі келеді. Жалпы ұлт күн-қыстау күндерде ғана емес, өзінің бүкіл жүріп өтетін жолында пәсиярлар тұлғаларды сонымен ереді. Бұл орайда зиялы қауым қазір өз ролін дұрыс атқарып отыр деп есептейсіз бе? Бүгінгі таңда олардың қоғамдағы міндетін қалай елеп, өкшейміз?

– Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша

**Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қояу керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ың-шыңсыз, айғайламай, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінезін салып, ұрандатып-шұлатпай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік органдарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясилендірмей, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың Өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздық жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.**

көптеген реформалар жүзеге асырылды. Бұл саясат алдағы кездерде де жалғаса береді. Елімізді одан әрі жаңғыртуға, дамытуға қатысты идеяларым бар, ол идеяларды халық іс жүзінде сезінгенін қалаймын.

Біз мемлекет ретінде де, ұлт ретінде де бір орында тоқтап қалауымыз керек. Ондай жағдайда ел тоқырауға ұшырайды. Оның зардабы мемлекеттігімізге тиеді. Ауыр тиеді. Ашы да болса айтайын, біз – қазақтар, осынау алмағайып күрделі әлемде, түптеп келгенде, ешкімге соншалықты қажет емеспіз. Өз мемлекетімізге ғана қажеттіміз. Осы бір қарапайым қағиданы ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мысыктілеу» саясаткерлері тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, маңайымыздан узамай, әр қадамды біз бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту – тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сын-далры сәтте қателесуге еш қажетіміз жоқ, құқымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мемлекеттің бірінші кезекте өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр...

– Күрметті Президент мырза! Қоғамдағы түрлі саяси-әлеуметтік, мәдени рухани маңызы бар мәселелерге байланысты арнайы уақытымызды бөліп, Ұлт басшылығына сұхбат бергеніңіз үшін айрықша алғыс сезімізді білдіреміз. Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік геосаяси кеністіктегі көші қолқат болғай! Еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын!

Сұхбаттасқан  
Жанарбек ӘШІМЖАН

## ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТИ



# ДАЛАНЫҢ ДАУЫСЫ – ДОМБЫРА

Еліміздегі ерекше мереке, ерен көңіл-күй болып өтетін Домбыра күні қарсаңындағы ойлар мен ұсыныстар

Өтген ОРАЛБАЙҰЛЫ,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

(Басы 1-бетте)

Керек десеңіз, біздің ұлы домбырамыз осы төл таңбалармен төркіндес, құрлас, канаттас, қабырғалас. Жаратқан жандыны да, жансызды да жұптан жаратқан. Домбыраның қос ішегі де жұп болатыны содан. Осы жұп ішек Ұлы Даланың жоғалмас сарынын кейінге, бізге жеткізді. Бекзат өнер атанып, Еуропаның ендігі мен бойлығында ақ сүйек мырзалар мен айлау жүзін күн шалмаған арулардың мерейін асырған саз аспаптары: арфа мен фортепиано, виолончель мен роаль, саксофон мен целлофон секілді лағылы жалт-жүлт еткен музыкалық аспаптардың ең күрделі, ең иірімді, ең нәзік, ең жоғары регистрлі үндерін олардан бетер жеткізе алатын және олардың үндік үлгілеріне қажет кезінде бас пен баритон, тенор мен альт, немесе өз тілімізде айтқанда, барқын, жарқын, талшын, шінгір секілді өзіндік әуенін жүрек ұясынан жайдары самалдай шығатын қоңыр сазымен қоса байытқанда, домбыраның үніне таңдай қағып, тақиясы түскен талай майталманды көргенбіз. Жанры аралуан күрделі музыкалық шығармаларды: шалқыған симфониялар мен өр дауысты ораторияларды, кең тынысты кантаталарды, мақамы мөлдір романстарды шырқайтын ширатып, бабына келтіріп боздатып, сан дыбысты қозғатып, рухани мүмкіндігін таныта алатын қарапайым ғана қара домбыраның ұлы қасиетін өзіміз әлі жете бағалай алмай жүрміз. Тарихтың тар кезеңінде тіліміздің тиген жері де, ұятымыздың күйген жері де болды. Домбыраны төрк еткен хатшы да болды қазақта.

Әлі есте, 1987 жылдың алғашқы айы болатын, сол кездегі «Жас Алаштың» бас редакторы Уалихан Қалижан тікелей телефонмен өзіне шақырды. Кірсең оның алдында орта бойлы, ақ шашты, жүзі ресмиле, алдында тіле қарайтын бір ақсақал отыр екен. Сөлемдесіп, қарсы алдына отырдым. Уәлекен алдында жатқан қағазды маған қарай ұсырып, «мына жігіт бөлім меңгерушісі, мақаланыңды осыған беремін, қарап пікірін айтайды, сосын арғы жағын ойластырамыз, сіз бара беріңіз, хабарласамыз» деді. Әлгі кісі біздерге шанышыла, шытына қарап, құлықсыздау шығып кетті. «Танымды ба?» деді Уалихан сөл шамырыққан үнмен. Танымадым. «Өзін білітіндей, баянда қазаққа домбыра неге керек?» дегендей пікір айтып, ұлттық өнерге тұсау салған, содан бері басынан осы сөз арпалмай келе жатқан Нұрымбек Жандилдин деген ағаң осы» деді. Әрине, білемін, кезіндегі Орталық партия комитетінің хатшысы. Мақаласын сол жерде оқып шықтым, өзін ақтауға талпынған тәсіліні екен. Уәлекен орнынан тұрып, сейфін ашып: «Сен біліп жүрсін дегімді, бұл мақала осы темір сандықтың түбінде жатқанын жатқан, басылмайды, бір жауабын берерміз» деді сенімді үнмен. Осылайша домбыра туралы оғаш сөз несінің кеш жазылған пікірі томағасы алыңбас темір сандықтың ішінен орын алды. Яғни, ағат сөз абақтыға қамалды.

Домбыра – ұлттық ұлы байлықтың қайнары. Мұндай музыкалық аспабы бар халық қазақтан басқа жоқ. Тиегіне дейін киелі, сағасына дейін жүйелі, шанағына дейін шешіре, құлағына дейін тарих, пернесіне пейіл ұя салған ұлы қазына бізден басқа кімде бар? Арлы азаматтардың арқасында қазақтың мың күйі тасқа түсіп таңбаланып, дискіге түсіп құлақ ашып, төрімізден орын алды. Атақты алты мектептің – Атыраудың төкпесі мен желені, Маңғыстаудың мың толғақ, жүз иірімсіз, Сыр бойының

сыршыл, сәуеллі сынғыры, Қаратаудың қоңыр үнді шертпесі, Шығыстың шежірелі, шаңқандай ажарлы үні, Арқаның жан баураған жайлы ырағы, бәрі-бәрі жиналып келгенде, Ұлы Даланың Ұлы Оркестрі болып кеуденді мақтанашқа, еркіндік ерлікке, жігерінді жеңіске шақырды. Сондай кезде қазақ болып туғанына мақтанасын.

Академик Ахмет Жұбановтан тартып, кешегі Қаршыға мен Төлегенге, бүгінгі Сержан мен Розаға, Айтжан мен Жанғалиға, Айгүл мен Анарға, Секен мен Тұрарға дейінгі, олардан кейінгі домбырашылар қазақ домбырасының күдіреті мен қасиетін әлемге танытып жүр. Ал қазақ поэзиясында ақындардың мындаған өлең-дастандары жар жампозы Лияс Жансүгіровтен бастап, Хамит Ерғалиевпен қостап, дәулескер Дәулеткерейдің күйшілік рухын ақындық қуатта жалғастырып жастарға келіп жал-құйрығын артады. Бабамның көзіндегі, сөзіндегі және өзіндегі домбыра тұрғанда ұлтымыздың рухы өлуі мүмкін емес. Ғасырлар-ғасырға ұласқан рухани жаңғырудың тәуелсіздік дәуіріндегі жанаша жаңғыру домбыраға келіп астақаны, «Домбыра Күніне» келіп бас қосқаны әрі байрағымыз, әрі қайрағымыз, әрі жайнағымыз, әрі байламымыз болды.

Қалам ұстап, кеудесінде қазақы жүрегі қалтқысыз соққан әрбір қаламгер домбыра тақырыбын айналып өткен емес. Өйткені, домбыра бұл – атамыз, анамыз, баламыз, қысқасы ұлттық данамыз! Соның ішінде қазақ поэзиясында тек қана бір тақырып – күй тақырыбында арнайы жыр жинағын жазған ұлы ақынымыз Жүмекен Нәжімеденовтің «Күй кітабы» атты керемет кемең шығармасының жөні де, жобасы да бөлек еді. Өзі де ғажайып домбырашы Жүмекен осы кітабына барын салған болатын. Күй сазына орай, оның күрделі ырғағын бұзбай, мазмұнын дамыта аша отырып, күйге сөз жазған ақын да қазақ әдебиетінде жалғыз өзі болды.

«Алатаудың» маңғаз да марқайған көрінісі, «Қайран шешемнің» мұңды да сырлы самалы, «Ақбайдың» ақыл мен ашу арбақан қағысы, «Кішкентайдың» кішірейе басталып, дауылға ұласқан жойқын төгілімі, «Адайдың» алашақан артымақ жүйріктігі, «Серпердің» сертке бөккен серпіні, «Қызыл қайыңның» қызулы қуаты, қысқасы, несің айтасыз, ұлы Құрманғазының ұлан күйлері өлең тілінде зергер күйден зерлі алтындай жарқырап түсіп еді. Соны бір талапты ақын, талмауырын сыншы орыныс сынан жазғанда, Жүмекен ағам: «Ойбай-ай» деп күйіне тіл қатып, бір ұясы төбе шалып жұлпы алған екен. Өзі де аса сақым домбырашы Жүмекеннің осы кітапты жазуға толық ақындық, азаматтық қақы бар еді. Осы жерде бір ескере жүретін жайтты да сөз арасына сала кетелік. Әдетте, сахнаға шыққан күй тартушының бәрін «күйші» деп хабарлап жаталы. Бұл – әбестік. Өзгені шығармасын орындаушы – домбырашы, ал күйші өз жанынан шығарма тудырушы, демек композитор. Екеуі мүлде екі бөлек адам. Осыны да өнер сүйгіш қауым қаперіне ұстаса екен. Термин төркіні адалауы керек.

Алғаш рет туған еліміздің әр қиырынан келгенмен, бір қалада тоғысқан 2000 мың домбырашы Елбасы Жарлығымен бекітілген «Домбыра күні» ұлттық мерекемізде еліміздің ең салтанатты алаңында – Тәуелсіздік алаңында күй төкті. Айтулы дирижер Айтқали Жайымовтың сиқырлы тағайындалған сөзге шапқып, Астана аспанын жаулаған Түркештің «Көңілшары», Құрманғазының «Адайы» мен «Сарыарқасы», Нұрғисаның «Ата толғауы» мен Желдібаевтың «Ерке сылқым» бастаған күйлер Елорданың еңесінен көтеріп, әрбір қазақ баласы көптен күткен төл мерекесінің тұсауын кесті.

Бұл ғажайып мейрам, ғаламат шаттық болды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың баталы сөзі мен арқалы тілегінен кейін төгілген күйлер қазақ аспанын заңғар биікке көтеріп өкетті. Осыны көптен күткен едік қой, төбеміз көкке жетті. Алаңды толтырған аламан жұрттың көңілдері де күйдей шалқыды, саздай балқыды. Ұзағынан болғай ұлағатты бастама! Екі мың адамның алдында қатарында қара домбыраны құлдақтап саусағы саға бойлап жүрген «Астана опера» театрының директоры Ғалым Ахмедияровтың, Құлагердің жалындай қалың шашан сілке тастап домбырасын сөйлеткен Секен Тұрысбектің, тепсініп төге тартатын Тұрардың, қаба сакалын күй сазы желігінен Бекболат Тілеуханның, сүйрік саусақтары салтанатты күйлерде салаланып кететін Айгүл Үлкенбаевның, қоңыр құлдақ домбырасын қыса ұстап, маңдайына күн қонақтаған Мейрамбек Бесбаевтың, кішкентай саусақтары майысып, аға-апаларының арт жағынан табылған балалардың халық алдында қасқайып отырып, үлкенген үш сағаны қайтара күй тартуын әрі азаматтық, әрі ғаламаттық деп қабылдаймыз. Үйренер үлгі, ізашар үрдісі осы болар. Бұл да ұзағынан болғай!

Алла қаласа, бұл асқақ мереке жыл сайын өте бермек. Домбыра дәуірені жалғаса бермек. Амандық болса, жыл сайын Домбыра күнінде 3-4 мың адамдық оркестрдің күй керуенін ісі қазақ ісіне тыңдап, өзге этностар да елен етсе деген қиялым да бар. Рухани жаңғыру дегеніміз күй сөз, құрғақ ақыл емес, осылай көрініс танытса, көшіміз көлікті, жүгіміз көрікті бола түспек. Осы орайда, Ұлттық домбыра күнінің ғұмыры ұзақ болуы үшін осы іске мұрындық болаарлық азаматтардың назарына мына жайларды да бере кетсек деп едім:

– Барлық бастаушы, орта мектептер мен арнаулы орта оқу орнында домбыра сабағын (мүмкін факультативті сабақ ретінде) оқыту;

– Жыл сайын жас домбырашылардың республикалық байқауларын өткізіп, оғандарына мемлекет тарапынан арнаулы стипендиялар тағайындау;

– Кезіндегі халық театрлары сияқты жергілікті жерлерде ұлт аспаптары оркестрлерін құрып, олардың республикалық ортақ репертуарларын арнайы бекіту;

– Жыл сайын Домбыра күні алдында жазба ақындардың мүшәйрасын өткізіп, жүйрік шығармаларды жеке жинақ етіп шығару;

– Ел бойынша домбыра жасаушылардың байқауын өткізіп, үздік шеберлердің есебін алып, оларға тиісті қамқорлық көмек көрсету;

– Жылына бір рет осы күн алдында «Даланың дауысы – домбыра» атты халықаралық ақын айтасын өткізу;

– Еліміздегі әр алуан күйшілік мектептің шебер орындаушыларын республикалық ғылыми-іскерлік мәслихатқа шақырып, күй мамандарының зерттеу-сараптамаларын жасатып, олардың даму бағыттарына тиісті жол көрсету;

– Қазақ күйлерінің алуан мектептік антологиялық дискісін шығарып, халықтың қол жетімді бағасына сатуды ұйымдастыру;

– Елорданың Тәуелсіздік алаңында Домбыра ескерткішін тұрғызу;

– Президенттің Жарлығымен «Домбыра» медалі тағайындалып, жыл сайын, оны талантты асқан домбырашыларға беріп отыру.

Елден бұдан басқа да құнды ұсыныстар түсуі мүмкін, солардың бәрін жинақтап, сараптап, іс барысында жүзеге асыру нұр үстіне нұр, күй үстіне күй болар еді.

Ендеше, іске сәт! Домбыра дәуірені данқын асыра берсін.